

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№267 орта мектеп» КММ 2026 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

15 мамыр 2026 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 01.04.2026жыл №1232 санды хаты негізінде 2026 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасалды. Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№267 орта мектебі» КММ-нің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) **Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау:**

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№267 орта мектебі» КММ кадр қызметі персоналды басқару стратегиясын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізіп отыр. Мектептің жобалық қуаты-380 орын. Штаттық кесте бойынша бірлік саны-76,7 Жалпы қызметкерлер саны-70. Оның ішінде педагог қызметкерлер-45 (декреттік демалыста-6, ақысыз демалыста-2 қоса атқарушы-5), техникалық қызметкер-25 (оның ішінде декреттік демалыста-1) еңбек етеді.

Педагогтердің біліктілігін арттыруы

Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» туралы 2019 жылдың желтоқсанындағы Заңның 7-бабы 1-тармағы 12-тармақшасына сәйкес, педагогтер үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру қажет екендігін ескере отырып, 2025-2026 оқу жылында 40 педагог қызметкердің 39-і (98%) біліктілік арттыру курсынан өткен.

Оның ішінде 2025-2026 оқу жылында «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығынан бейіні бойынша 12 педагог, педагогикалық шеберлік орталығынан бейіні бойынша 2 педагог, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру Ұлттық ғылыми-практикалық институты ұйымдастырған біліктілік арттыру курсынан 1 педагог, «Астана аккредиттеу агенттігі» мекемесі ұйымдастырған - біліктілік арттыру курсынан мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог өтті.

Педагог шебер-0, педагог-зерттеуші-13, педагог сарапшы-10, педагог-модератор-9, санаты жоқ педагогтар саны-8. Жоғары білімді-39, арнаулы орта білімді-1. Педагогика ғылымының магистрі-4. Лауазымдық санаттар бойынша үшінші санатты басшының орынбасары-3.

Мектепте барлығы 1-11 сыныптар бойынша 301 оқушы, оның ішінде 1-4 сыныптар арасында 90 оқушы, 5-9 сыныптар арасында 167 оқушы, 10-11 сыныптар арасында 44 оқушы бар.

Жалпы персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша заң бұзушылықтар жоқ. Мектеп қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған. «№267 орта мектебі» КММ барлық педагог қызметкерлер қойылатын біліктілік талаптарға сай келеді. Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген. Арыз-шағымдар болған жағдайда мектеп басшысы мен қызметкерлер арасында жазылған арыз-шағымдар зерделеніп, Заң аясында қаралады.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес, көрсетілген мерзімде талдауы көрсеткендей, 2026 жылдың 1 тоқсан қорытындысымен мектепте мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойынша өтініштерді қарауда заң талаптары сақталғандығы анықталды.

«Бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсететін қызмет бойынша 2026 жылдың 5 айында мектептен мектепке ауысу және құжат қабылдау қызметі бойынша барлығы-13 оқушы тіркелген. Оның ішінде:

-мектепке құжат тапсырған оқушы саны-7

-басқа мектепке ауысу құжатын алған оқушы саны-6

«Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша тіркелген өтініш саны-2. Оның ішінде:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны-1 (аттестат телнұсқасы);

Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет, яғни құжаттың телнұсқасын алу туралы Es.iac өтініш саны-1.

-«Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Es.iac.kz сайтына 2026 жылы 22 сәуір күні Досбергенов Жанболат Амангельдиевичтен өтініш келіп түскен. "№267 орта мектеп" мемлекеттік мекемесі 2012 жылы 25 сәуірде құрылып, 2012-2013 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап оқушылар

қабылданды. Оған дейін "Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №1 мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі болған. Өтініш беруші Досбергенов Жанболат Амангельдиевич "Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған №1 мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесінде 01.09.1995-25.05.2006жж. аралығында білім алуына байланысты өтініші кері қайтарылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2сәуірдегі №72 бұйрығының №1 қосымшасындағы педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес, 2025-2026 оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш білдірген педагог саны-11. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығының аттестаттаудан өткізу тәртібіне сәйкес, педагогтердің білімін бағалаудан өткен педагог саны-4 (педагог-модератор-3, педагог-сарапшы-1). Ағымдағы жылы «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттарына өтініш берген педагогтердің құжаттары (портфолио) біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес «Ұстаз» педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасына, «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын қайта растайтын барлығы 2 педагогтің құжаттары мемлекеттік қызмет электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы жүктелген.

«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны-10. (оның ішінде ұсыныс-9, хабар-1) Өтініш электрондық жүйе арқылы жауап берілді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

№267 орта мектепке бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

№267 орта мектеп бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

2026 жылға қаржыландыру жеке жоспары бойынша қаралғаны – 359490,0 мың теңге

Оның ішінде:

261082015 бағдарлама бойынша – 72946,0 мың теңге,

261004015 бағдарлама бойынша – 315,0 мың теңге,

261203015 бағдарлама бойынша - 286229,0 мың теңге,

Жұмсалған сумма (қаңтар-мамыр айларында) -133407,0 мың теңге

Оның ішінде:

261082015 бағдарлама бойынша – 23786,0 мың теңге,

261004015 бағдарлама бойынша – 0,0 мың теңге,

261203015 бағдарлама бойынша - 109621,0 мың теңге,

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету туралы №3 келісім шарт негізінде, өнім беруші ретінде «Маделханова» ЖШС атынан К.Маделханова 2026 жылы 21 қаңтарда келісім шарт жасалды.(06 қаңтар 28 ақпан аралығы) Келісім-шарт сомасы – 3 416 мың теңге

Маделханова» ЖШС атынан К.Маделханова 2026 жылы 27 ақпанда келісім шарт жасалды.(01 наурыз 30 сәуір аралығы) Келісім-шарт – 3 317 мың теңге

«Демеу» ЖК атынан 2026 жылы 20 сәуірде №120840000449/260051/00 келісім шарт жасалды.(21 сәуір 31 желтоқсан аралығы) Келісім-шарт – 8 611,2 мың теңге

Ақпаратқа қол жеткізу платформасы қызметі бойынша «TECHNO PARTNERS» ЖШС 2026 жылы 24 ақпанда № 120840000449/260028/0 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат 590,0 мың теңге.

№267 орта мектебінде бейнекамера саны – 49 дана. 36 - данасы ішкі, 13- данасы сыртта орналасқан. Барлығы жұмыс жасап тұр. Бейнабақылаудың үздіксіз жұмыс жасауын қадағалау мақсатында «Altifa Company» ЖШС-мен 2026 жылы 15 қаңтардан № 120840000449/260009/00 келісім шарт жасалды. Сақталу мерзімі 30 тәулік. Турникет, дабыл түйемесі бар. Жұмыс жасап тұр өрт қауіпсіздігіне қызмет көрсетуге «Нұр Бота» ЖК 2026 жыл 19 қаңтардағы № 120840000449/260008/00 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 143,6 мың теңге қаражат бөлінген.

Күзет қызметі бойынша «Охранная служба Памир» ЖШС-н 2026 жылдың 22 қаңтарында №120840000449/260017/00 келісім-шарт жасалды. Қаралған қаражат – 2 064,8 мың теңге.

Интернетке қол жеткізу бойынша қызметтер көрсету «Казахтелеком» АҚ-мен 2026 жылдың 16 қаңтарындағы № 120840000449/260012/00 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 2 055,2 мың теңге

Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша «Муратбеков» ЖК 2026 жылдың 27 ақпанда № 120840000449/260029/00 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 132,0 мың теңге .

«Қызылорда жылу электрорталығы» мемлекетік кәсіпорнымен 2026 жылы 12 қаңтардағы №120840000449/260003/00 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат - 7000,0 мың теңге

«Қызылорда электр тарату торлары компаниясы» АҚ мекемесімен 2026 жылдың 07 қаңтарында № 120840000449/260002/00 келісім шарт жасалды. Қаралған қаражат – 1 193,0 мың теңге

Асханаға ақпараттық жүйені жаңарту бойынша қызметі бойынша «е-АПК» ЖШС-мен ЖК 2026 жылы 19 қаңтарда № 120840000449/260013/00 келісім-шарт жасалды. Қаралған қаражат 800,0 мың теңге

Веб сайт қызметі бойынша «Websoft Qazaqstan» ЖШС-мен ЖК 2026 жылы 13 қаңтарда № 120840000449/260007/00 келісім-шарт жасалды. Қаралған қаражат 136,0 мың теңге

Видеобақылау жүйесін ЦАУ-ға қосу бойынша қызметтер көрсету «Қазахтелеком» АҚ-мен 2026 жылдың 27 қаңтарындағы №120840000449/260021/00 келісім-шарт жасалды. Қаралған қаражат –2 320,2 мың теңге

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Мектепте Ұлттық білім беру дерекқоры, Bilimclass.kz қаржылық есептіліктер бойынша «salyk.kz», «stat.gov.kz», «esf.kz», автоматтандыру электрондық құжат айналымының жүйесі және мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Es.iac.kz сайты, «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі орнатылған.

Мектеп 80 м/битс интернет жылдамдығымен қамтылған. Кең жолақты интернет желісімен Қазақтелеком арқылы келісім-шарт жасалған.

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері №267 орта мектеп директорының жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады. Бірақ директорымен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған. Мектептегі ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша заң бұзушылықтар анықталмады. Мектеп әкімшілігімен мұғалімдер арасында тығыз қарым-қатынас орнаған. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мектепте дұрыс жолға қойылған. Жалпы сыбайлас жемқорлыққа баратын фактілер анықталмады. Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «№267 орта мектеп» КММ-нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынған болатын.

№267 орта мектеп директоры



С.Б.Рахымшаева